

Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-15-16 "2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 6-22-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 қазанда № 4929 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-15-16 "2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің бюджеті туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4533 болып тіркелді, 2018 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 16 979,0 мың теңге;
салықтық түсімдер – 3 100,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 13 879 мың теңге;
- 2) шығындар – 16 979,0 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1- қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының
XXII сессиясының төрағасы

Л.Ларионов

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы
28 қыркүйектегі № 6-22-6 шешіміне қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2017 жылғы
26 желтоқсандағы № 6-15-16 шешіміне 1-
қосымша

2018 жылға арналған Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сома, мың теңге
Сыныбы	К і ш і сыныбы		
		1) Кірістер	16 979,0
1		Салықтық түсімдер	3 100,0
	01	Табыс салығы	160,0
	2	Жеке табыс салығы	160,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2 940,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	20,0
	3	Жер салығы	160,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 760,0
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттер түсімі	13 879,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13 879,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	13 879,0

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сома, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		

		2) Шығындар	1 6 979,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 4 342,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4 342,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 4 342,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 977,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 977,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	900,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	377,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	700,0
13		Басқалар	660,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	660,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	660,0
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Сом
	Сыныбы	Атауы	, мың теңге
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0